



Алматы автомобиль және сән индустриясы колледжінде «Ең үздік жалпы білім беретін пәндер оқытушысы» байқауын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Ереже колледж ішінде «Ең үздік жалпы білім беретін пәндер оқытушысы» байқауына қатысу тәртібі мен оны өткізу шарттарын реттейді.

1.2 Байқау оқытушылар арасында озық тәжірибені таратудың негізгі нысаны болып табылады.

1.3 «Ең үздік жалпы білім беретін пәндер оқытушысы» байқауының ұйымдастырушысы – *Алматы автомобиль және сән индустриясы колледжі*.

1.4 Байқауды өткізу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру мақсатында ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) және сараптау комиссиясы құрылады.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 *«Ең үздік жалпы білім беретін пәндер оқытушысы»* байқауының негізгі **мақсаты**- шығармашылықпен жұмыс айналысатын, оқытушылардың педагогикалық шеберлігін, қабілеттерін және теориялық білімдерін жетілдіретін дарынды педагогтерді анықтау.

2.2. Байқаудың міндеттері:

– колледждегі жалпы білім беретін пәндер оқытушыларының кәсіби деңгейін анықтау;

– оқытушылардың студенттерді жоғары сапалы білім мен дағдылармен қамтамасыз ететін заманауи ақпараттық және басқа да педагогикалық технологияларды пайдалануын бағалау;

– оқытушылардың беделі мен имиджін арттыру және кәсіби шеберліктің озық тәжірибесін тарату.

–

3. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1. Ұйымдастыру комитеті оқытушылардың байқау материалдарын жинап, сараптама комиссиясына береді.

3.2. Сараптамалық комиссия байқауға қатысушылардың кәсіби шеберлігін, идеясын, маңыздылығы мен өзектілігін, композицияның, шығармашылық эссе мен мақаланың жүйелілігін, сондай-ақ білімінің жан-жақтылығын бағалайды.

3.2. Сараптамалық комиссия байқауға қатысушылардың әдістемелік құралдарының, ашық сабақтары және сыныптан тыс іс-шараларының сапалы деңгейі мен мазмұнын бағалайды.

3. 3.Колледжішілік **«Ең үздік жалпы білім беретін пәндер оқытушысы»** байқауын ұйымдастырушылар **kalau3@mail.ru** электрондық поштасына материалдарды қабылдайды:

- **2025 жылдың 6 наурызына** дейін қатысушылардың ұсынымын (№1 қосымша) ;

- **2025 жылдың 11 сәуірінде: Негізгі бөлім – I кезең** жұмыс материалдары немесе әдістемелік портфолионы жинақтаған папаканы;

-**2025 жылдың 28 сәуірінде II кезең. Сабақ беретін пәндерден** ашық сабақтардың өткізілу мерзімі жазылған кестені (№2 қосымшаға сәйкес).

3.4. Байқаудың өту кезеңдері **10.03.2025** жылдан **23.05.2025** жыл аралығы.

4. Байқауға қатысушылар

4.1 Колледж оқытушылары байқауға өз қалауы бойынша және өз бастамалары бойынша қатысуға мүмкіндік алды.

4.2 Байқауға қатысушылардың кандидатурасын пәндік циклдік комиссияның төрағасы, сондай-ақ оқытушының өзі ұсына алады.

4.3 Байқауға қатысушылар теориялық және практикалық дайындықты, кәсіби қабілеті мен дағдыларды, оқу үдерісінде (процесінде) инновациялық тәсілдерді қолдана отырып, жоғары еңбек мәдениетін және кәсіби педагогикалық сөздік қорын меңгере алатындығын көрсетуі тиіс.

5. Байқаудың мазмұны

5.1 Байқауға қатысушылар Кәсіби дағдылар мен шығармашылық қабілеттерді анықтау үшін оқу жоспары мен бағдарламаларына сәйкес ашық сабақ, шығармашылық эссе (бейнефильм), оқытушы портфолиосы, портфолиода әдістемелік, дидактикалық және көрнекі құралдар көрмесі түріндегі тапсырмаларды орындайды.

6. БАЙҚАУ КЕЗЕҢДЕРІ

6.1. I кезең: Негізгі бөлім – жұмыс материалдары немесе әдістемелік портфолио

I.«Автопортрет» оқытушы портфолиосының құрылымы:

1. Титул беті,
2. Жеке деректер,
3. Кәсіби өсу,

4. Өз білімін көтеру жоспары.

5. Өткізілген ашық сабақтардың жоспарлары (үлестірімелі материалдары, немесе дидактикалық материалдары, презентациялары)

II. Міндетті бөлім:

1. Өзірленген әдістемелік құралдар, жинақтар,
2. Авторлық бағдарламалар,
3. Жинақтарда, БАҚ беттерінде жарияланған мақалалар (мақалалардың көшірмелері, мазмұнының көшірмесімен және мақала жарияланған басылымның титулдық беті қоса беріледі)
4. Өткізілген семинарлар, конференция материалдары (семинар, конференция бағдарламалары, байқауға қатысушы ретінде, байқауға қатысушы студенттің жетекшісі болып табылатын баяндамасының материалдары),
5. Қатысқан сабақтардың талдауы (5 дана бақылау парағы)
6. Оқытушы сабақ беретін пәндердің өткен оқу жылының қорытындысы академиялық кезең бойынша білім көрсеткіші (кесте және диаграмма түрінде).

III. Қосымша материалдар:

1. Сыныптан тыс жұмыстардың жоспары мен есебі,
2. Сыныптан тыс 2023-2024 оқу жылында және ағымдағы оқу жылында өткізілген ашық іс-шараның бекітілген жоспары мен материалдары

IV. Қорытынды бөлім – «Менің жетістіктерім» (портфолио авторының жетістіктерін растайтын құжаттар):

1. сертификаттар мен куәліктер,
2. құрмет грамоталары мен дипломдар,
3. алғыс хаттар
4. пікір: әріптестерден-3 (ӘЦК төрағасынан, директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарынан); ата-анадан-1; топ студенттерінен топтық-1.
– оқытушының шығармашылық жұмысы, эссе (бейнеролик 3-5 мин);

6.2. II кезең: Сабақ беретін пәндерден ашық сабақ.

6.2.1. Байқауға қатысушы оқытушы өткізетін пәні бойынша сабақтары келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- өз пәнінен терең білімі болу, оқытушының жан-жақты білімі;
- педагогикалық және методикалық шеберлік;
- заманауи білім беру технологияларын пайдалану;
- шешендік өнері;
- сабақ мақсатын қоюдағы технологиялар мен жарамдылық;
- Жасанды интелекті оқытуда қолдана алуы
- дамыта оқытуға бағытталған.

7. БАЙҚАУДЫ БАҒАЛАУ

7.1. Оқытушы портфолиосын бағалау параметрлері:

Оқытушының «Әдістемелік портфолиосы» бойынша бағалау өлшемшарттары:

1. үлестірмелі материалдармен өткізілген ашық сабақтардың жоспарлары немесе дидактикалық материалдар - 10 балға дейін әрбір толық тереңдетіп жазылған сабақ жоспары үшін,
2. әзірленген әдістемелік құралдар, жинақтар - әрбір әдістемелік құрал, 20 балға дейін
3. авторлық бағдарлама – 50 балл,
4. жинақтарда, БАҚ беттерінде жарияланған мақалалар (мақалалардың көшірмелері мазмұнының көшірмесімен және мақала жарияланған басылымның титулдық бетімен) журналдағы жарияланған әрбір онлайн мақала үшін -5 балл, баспа басылымындағы әрбір мақала үшін -7 балл,
5. Өткізілген семинарлар, конференция материалдары (
6. семинар, конференция бағдарламалары, байқауға қатысушы ретінде, байқауға қатысушы студенттің жетекшісі болып табылатын баяндамасының материалдары) – 10 балдан әрбір іс-шара үшін,
7. қатысқан сабақтарды талдау – әрбір сабақты талдау үшін -5 балл,
8. өткен оқу жылының қорытындысы бойынша оқытушы жетістігі академиялық кезең бойынша оқытылатын пәндер кесте түрінде және диаграмма түрінде – оқу үлгерімі
-50 пайыздан 89 пайызға дейін - 1 балл,
90 пайыздан 95 пайызға дейін - 2 балл,
100 пайыз - 3 балл.
Қосымша материалдар – 10 балға дейін.

8. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН ҚҰЖАТТАРДЫ РӘСІМДЕУ

«Ең үздік жалпы білім беретін пәндер оқытушысы» байқауына қатысушылар ұйымдастыру комитетіне келесі құжаттарды тапсырады:

- өтінім (берілген үлгіге сәйкес байқауға қатысушының атынан);
- оқытушының шығармашылық бейнеролигі;
- пәндік оқу-әдістемелік кешені бар оқытушы портфолиосы;
- ашық байқау сабақтарының кестесі

9. БАЙҚАУДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ, ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ МАРАПАТТАУ

9.1. Жеңімпаздарға төмендегідей орындар тағайындалады:

«Ең үздік жалпы білім беретін пәндер оқытушысы»-1 қатысушы

1-орын-1 қатысушы;

2-орын-2 қатысушы;

3-орын-2 қатысушы

9.2. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі құрмет қағаздарымен марапатталады.

9.3. Барлық қатысушыларға байқауға қатысқаны туралы сертификаттар беріледі.

Әдістемелік кеңес отырысында
қаралып, мақұлданды

10.02.2025 жыл Хаттама № 5

«Ең үздік жалпы білім беретін пәндер оқытушысы»
байқауын ұйымдастыру және өткізу ережесіне
№1 қосымша

**Алматы автомобиль және сән индустриясы колледжі өткізетін
«Ең үздік жалпы білім беретін пәндер оқытушысы» байқауына қатысуға
ҰСЫНЫМ**

№	Қатысушының аты-жөні (толық куәлік бойынша)	ӘЦК мүшесі (ӘЦК толық атауы)	Лауазымы	Байланыс телефоны	Электронды поштасы
1			Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы		
2					

«Ең үздік жалпы білім беретін пәндер оқытушысы»
байқауын ұйымдастыру және өткізу ережесіне
№2 қосымша

**Алматы автомобиль және сән индустриясы колледжі өткізетін
«Ең үздік жалпы білім беретін пәндер оқытушысы» байқауына қатысу үшін өткізілетін ашық сабақ кестесі**

№	Қатысушының аты-жөні (куәлік бойынша)	Лауазымы	Ашық сабақ тақырыбы	Өткізілетін күні, уақыты, орны	Тобы
1		Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы		Мысалы: 1.05.2025 жыл Сағат 11.40 №1 кабинет	РТ-11
2					